

# ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Хаттама №4

Өткізілген күні: 15 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі, әдіскер.

### Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Оқу жылының қорытындысы.
3. Балабақшаға ең қажетті заттарды алуға қосымша ақылы үйірмелер қаражатын қолдану мәселесін талқылау.
4. Балабақша ауласын көгалдандыру, санитарлық тазалық бойынша жұмыс атқаруға көмек көрсету.

### 1. Сөз сөйледі:

Балабақша әдіскері Г. Ж Ниетбаева өткен кеңестің шешімдері бойынша балабақшада өткізілетін іс-шаралар тәрбиешілермен бірлесе ұйымдастырылып, жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Барлық топтарда мерекелік ертеңгіліктер, тәрбиелік шаралар және ата-аналармен жұмыстар уақытылы өткізілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» заңы мен «Бала құқықтары туралы» конвенциясының талаптарын сақтау мақсатында педагог қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар тұрақты бақылауға алынды.

### Тыңдалды:

2. Балабақша меңгерушісі А.Е Карабалина оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға тоқталып, тәрбиеленушілердің жетістіктері, өткізілген іс-шаралар мен білім беру сапасы туралы баяндады. Тәрбиешілердің жыл бойы жүргізген жұмыстары қорытындыланды.

### 3. Тыңдалды:

Меңгеруші А.Е Карабалина қосымша үйірмелерден түскен қаражат тиімді пайдаланылды. Балабақшаға қажетті заттар алынғандығы жөнінде айтты. Бюджет қаражатынан барлық топқа балаларға жайлы керуеттер алынды. Балалардың ойын алаңына құм алынды.

#### 4. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Е Карабалина балабақша ауласын көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары туралы айтты. Аулаға гүл егілді, ағаш отырғызылды. Ойын алаңдары безендірілді, балабақша қоршаулары, аула сырланды. Тазалық жұмыстары жүргізілді.










#### Шешім:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы «жақсы» деп танылсын.
2. Қаражаттың жұмсалуды бойынша ата-аналарға есеп беріліп отырылсын.
3. Санитарлық тазалық талаптарын сақтау тұрақты бақылауда болсын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары:

Мүшелері:

 Байдаулетова Л.  
 Кадырова М.К.  
 Есекеева А.  
 Хамитқызы Л.  
 Бисембина А.  
 Муханова Ж.С.  
 Қоңырбаева Ж.М.  
 Изнальфиден М.  
 Мамбетрзаева М.Е.